

**«Әлем жас туристер көзімен»  
республикалық интернет–байқауын өткізу ережелері**

**1. Жалпы ережелер**

1. Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында **«Әлем жас туристер көзімен»** республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: өскелең ұрпақтың бойында азаматтылықты және патриотизмді тәрбиелеу, дарынды балалар, жастар және педагогикалық қызметкерлерді анықтау, қолдау және олардың танымдық қызығушылықтарын ынталандыру.

Конкурс міндеттері:

- Қазақстан Республикасының тарихы мен мәдениетіне оқушылардың назарын аудару;

- оқушыларда оқу барысында жинақтаған білімдерін тәжірибеде жүзінде қолдану дағдыларын қалыптастыру;

- оқушылар және студенттер әзірлеген туристік бағыттардың мәліметтер базасын қалыптастыру;

- туристік бағыттар идеяларын оларды туристік индустрияда ары қарай қолдану мақсатымен дәріптеу.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

**2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі**

5. Байқау **2015 жылғы 3 қыркүйек - 22 қазан** аралығында балаларға арналған [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) ғылыми-танымдық сайтында қашықтықтан өткізіледі.

6. Байқау жұмыстары **2015 жылғы 20 қазанға** дейін [nt\\_ekotur@mail.ru](mailto:nt_ekotur@mail.ru), электронды поштаға қабылданады.

Анықтама телефондары: 8(7172)249308, Шерубаев Ануар («**Әлем жас туристер көзімен**» конкурсы).

7. **2015 жылғы 20 қазаннан** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

8. Байқауға түскен материалдар қайтарылмайды. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

9. Байқауға қатысу үшін - **1000 (бір мың)** теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

БанкЦентрКредит АҚ, Астана қаласы.  
Иик KZ91856000005068448  
БИК КСJBKZKX  
БИН 990140004733  
Кбе 16.

Код назначения платежа: 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Төлемақының мақсаты: «Әлем жас туристер көзімен» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасын) сканерден өткізіп, **nt\_ekotur@mail.ru** электронды пошта арқылы жіберу қажет.

10. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздар тізімі **2015 жылғы 22 қазанда [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org)** сайтында орналастырылады.

### **3. Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар**

11. Байқауға мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 5-17 жас аралығындағы білім алушылар келесі жас санаттары бойынша қатыса алады:

5-9 жастағы кіші жас санаты;

10-14 жастағы орта жас санаты;

15-17 жастағы жоғарғы жас санаты.

12. Байқауға жеке жасалған немесе ұжымдық жұмыстар қабылданады.

13. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі.

- **Қазақстан бойынша үздік туристік бағыт.**

- **Менің қаламдағы үздік туристік бағыт.**

- **Қасиетті орындар бойынша үздік туристік бағыт.**

**Ресімдеуге қойылатын талаптар:** Жұмыс Word мәтіндік редакторында басылуы тиіс. Шрифт – Times New Roman. Шрифт өлшемі – 14. Жоларалық интервал – біркелкі (одинарный). Жұмыс көлемі - А-4 форматында 5 беттен аспауы тиіс (титул парағын есепке алмағанда). Басты бет келесі ақпаратты қамтуы қажет: номинация атауы, қатысушының тегі мен аты-жөні, жасы, e-mail, жетекшінің аты-жөні, білім мекемесінің толық атауы, облысы, қаласы, ауданы, ауылы. Орындалған жұмыстар конкурстың талаптарына, номинацияларына, тақырыбына сәйкес болуы керек.

#### **Мазмұны:**

- турдың ерекше аталуы, қысқаша сипаттамасы;

- экскурсия бағытының сызбасы;

- туристерге қызмет көрсетуде жаңа инновациялық формаларды енгізу;

- бағыттың экскурсиялық нысандармен бағытымыздың қанықтығы;

- бағыт жайлы ақпараттық материалдардың болуы. Қосымша фото (1 экскурсиялық күнге 3 фотодан кем емес) және видео (қажет етіледі).

#### **Бейнежазбаға қойылатын техникалық талаптар:**

Бейнежазда міндетті түрде болуы тиіс:

- мәдени ескерткіштер, көрікті жерлер және туристік бағытқа қатысты басқа да нысандар;

- дыбыстық сүйемелдеу. Бейнежазбаны мәтіндік сипаттамамен қолданылуы.

#### **Ұсынымдар:**

- сапасы төмен камералы телефондарға видео түсірмеңіз;
- бейнежазба, аудиожолдарды орнатуда, қажет емес заттарды кесуде бейнередакторларды пайдалануға болады;
- мүмкін болса, түсірілімді әр түрлі бұрыштардан алған дұрыс (бейне монтаж жасау мақсатында);

#### 14. Бағалау критерийлері:

- жоба ойының бірегейлігі және түпкіліктілігі, бағыттың танымдылығы, дәйектілігі және оның мәнінің ашылу тереңділігі;
- бағыт элементтерінің жаналығы, туристердің қатысуы үшін тартымдылығы жағынан бірегей орындарды және көрнекті жерлерді сипаттау;
- бағыттың әртүрлі нысандармен толықтығы;
- бағытты құру логикасы, бағытты ерекше жоспарлау, бағыт туралы ақпаратты берудің түпнұсқалық ойы;
- бағыттың қамтыған орындарына және көрнекті жерлеріне әртүрлі көлік түрлерінде бару тарапынан жайлылығы;
- бағыт бойының біртұтастығын, тақырыбын және мазмұнын анықтайтын қол жетімді қызмет қызметтер кешені;
- бағыт қауіпсіздігі;
- бағыттың даму келешегі.

15. Интернет желісінен алынған және өзге авторлардың материалдарын қолдануға тыйым салынады.

### **4. Конкурс нәтижелерін жүргізу және жеңімпаздарды марапаттау**

16. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

17. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелердегі дипломдармен және жеңімпаз білім алушылардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында орналастырылады.